

2008 жылға арналған қалалық бюджет туралы

Маңғыстау облысы Ақтау қалалық мәслихатының 2007 жылғы 13 желтоқсандағы N 5/34 шешімі. Маңғыстау облысы Әділет департаменті Ақтау қалалық Әділет басқармасында 2007 жылғы 26 желтоқсандағы N 11-1-72 тіркелді

Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Қазақстан Республикасының заңына және облыстық мәслихаттың "2008 жылға арналған облыстық бюджет туралы" 2007 жылғы 11 желтоқсандағы N 3/24 шешіміне сәйкес,

қалалық мәслихат **ШЕШІМ** **ЕТТІ:**

1. 2008 жылға арналған қалалық бюджет 1-қосымшаға сәйкес мынадай көлемде бекітілсін:

1) кірістер - 10 545 360 мың теңге, соның ішінде:
салықтық түсімдер бойынша - 8 189 785 мың теңге;
салықтық емес түсімдер бойынша - 133 080 мың теңге;
негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер - 987 951 мың теңге;
трансферттердің түсімдері - 1 243 544 мың теңге;

2) шығындар - 10 761 305 мың теңге;

3) операциялық сальдо - 215 945 мың теңге;

4) таза бюджеттік несиелендіру - 0 теңге;

5) қаржылық активтермен болатын операциялар бойынша сальдо - 192 318 мың теңге, соның ішінде қаржылық активтерді сатып алуға - 192 318 мың теңге;

6) бюджеттің тапшылығы (профициті) - 408 263 мың теңге;

7) бюджеттің тапшылығын қаржыландыру (профицитін қолдану) - 408 263 мың теңге.

Ескерту: 1-тармақ жаңа редакцияда - Ақтау қалалық мәслихатының 2008.11.11 N 14/133 (2008 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі) Шешімімен.

2. Салықтық түсімдер бойынша қалалық бюджетке кірістер бөлу нормативтері мыналар бойынша төмендегідей көлемде белгіленгені ескерілсін:
төлем көзінен ұсталмайтын кірістен алынатын жеке табыс салығы - 28,4 пайыз;
төлем көзінен ұсталмайтын кірістен алынатын жеке табыс салығы - 100 пайыз;

қызметін біржолғы талондар бойынша жүзеге асыратын жеке тұлғалардан алынатын жеке табыс салығы - 100 пайыз;
әлеуметтік салық - 17,2 пайыз.

Шетел азаматтардың табысынан, төлем көзінен ұсталатын жеке табыс салығы -

Ескерту: 2-тармаққа өзгерту енгізілді - Ақтау қалалық мәслихатының 2008.02.18 N 6/49; 2008.05.22 N 9/88; 2008.07.16 N 10/99; 2008.09.02 N 12/115; 2008.10.15 N 13/125; 2008.11.11 N 14/133 (2008 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі) Шешімдерімен.

3. Қалалық бюджеттен бөлінетін азаматтардың жеке топтарына төленетін әлеуметтік төлемдер келесі көлемдерде бекітілсін:

1) 1,5 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде тоқсан сайынғы әлеуметтік көмек:

Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне;
жеңілдіктер мен кепілдіктер жағынан Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне теңестірілген адамдар;

Ұлы Отан соғысының ардагерлерінің қайта тұрмыс құрмаған жесірлері;
мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алушылар;
жасына байланысты мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алушылар;
асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алушылар (балаларға);

2) 1 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде ай сайынғы әлеуметтік көмек:

Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектері;
жеңілдіктер мен кепілдіктер жағынан Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне теңестірілген адамдар;

Ұлы Отан соғысының ардагерлерінің қайта тұрмыс құрмаған жесірлері;
мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алушылар;
жалғызділікті зейнеткерлерге;

2-1) ай сайынғы қосымша үстемақы:
облыстық маңыздағы дербес зейнеткерлерге 1 айлық есептік көрсеткіш көлемінде;
қаланың құрметті азаматтарының, Ұлы Отан соғысының ардагерлері мен мүгедектерінің үй ішіндегі электр қондырғыларының қызмет етуіне 58 теңге.

3) 5 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде үйден оқып және тәрбиеленетін бала кезден мүгедек балаларға әлеуметтік көмек;

4) Қазақстан Республикасының мемлекеттік мерекелері мен атаулы күндер құрметіне әлеуметтік көмек:

Ұлы Жеңіс күніне (9 мамыр):

Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне 30 000 теңге мөлшерінде;
Ауғанстанда әскери қызметін өтеу кезінде мүгедек болған әскери қызметшілерге 25 000 теңге мөлшерінде;

Ауғанстанда әскери қимылдарға қатысқан әскери қызметшілерге 20 000 теңге мөлшерінде;

Чернобыль АЭС-індегі апаттың салдарын жоюға қатысқан және Чернобыль АЭС-індегі апаттың салдарынан мүгедек болған адамдарға 20 000 теңге;

Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің қайта тұрмыс құрмаған жесірлеріне 3 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

жеңілдіктер мен кепілдіктер жағынан Ұлы Отан соғысының мүгедектеріне теңестірілген адамдардың басқа да санаттарына 3 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

жеңілдіктер мен кепілдіктер жағынан Ұлы Отан соғысының қатысушыларына теңестірілген адамдардың басқа да санаттарына 2 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

Ұлы Отан соғысы жылдары жанқиярлық еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін орден, медальдармен марапатталған адамдарға 3 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

1941 жылғы 22 маусым мен 1945 жылғы 9 мамыр аралығында 6 айдан кем емес жұмыс істегендер (қызмет еткендер) және тылдағы жанқиярлық еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін орден, медальдарымен марапатталмаған адамдарға 2 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

Ауғанстандағы ұрыс қимылдары кезінде жараланудың, контузия алудың, зақымданудың немесе ауруға шалдығудың салдарынан қаза тапқан (хабар-ошарсыз кеткен) немесе қайтыс болған әскери қызметшілердің отбасыларына 10 000 теңге мөлшерінде;

қарттар күніне (1 қазан):

70 жастан асқан жалғыздікті зейнеткерлерге 2 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде ;

Мүгедектер күніне (қазанның екінші жексенбісі):

барлық топтағы мүгедектер, бала кезден мүгедектер, мүгедек-балаларға 2 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

Қазақстан Республикасы күніне (25 қазан):

асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алушыларға (балаларға) 2 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде.

қала күніне: қаланың құрметті азаматтарына 10 айлық есептік көрсеткіш көлемінде.

4-1) бір жолғы материалдық көмек:

Ұлы Отан соғысының ардагерлері мен мүгедектеріне, Чернобыль АЭС мүгедектеріне тіс протездерін дайындауға 10 000 теңгеге дейін;

Ұлы Отан соғысының ардагерлері мен мүгедектеріне-таңдауы бойынша облыстық қоғамдық-саяси газеттің бір түріне жазылу үшін мерзімді баспасөзге жылдық жазылу қ ұ н ы ;

Ұлы Отан соғысының ардагерлері мен мүгедектеріне амбулаториялық ем алу кезінде дәрі-дәрмек сатып алуға 5000 теңге көлемінде;

аз қамтылған азаматтар мен аса мүжәлсіз азаматтардың басына қиын жағдай туғанда, қалалық бюджеттің қаражатынан берілетін біржолғы материалдық көмек

5) Қазақстан Республикасының жоғарғы оқу орындарындағы оқуды төлеу мақсатымен жалпы орта білім беру мектептерінің түлектеріне әлеуметтік көмек. әлеуметтік көмектің бағытталуы мен төлену тәртібі Маңғыстау облысы әкімдігінің

Ескерту: 3-тармаққа өзгерту енгізілді - Ақтау қалалық мәслихатының 2008.02.18 N 6/49; 2008.05.22 N 9/88; 2008.09.02 N 12/115 Шешімдерімен.

4. Ауылдық елді мекендерде жұмыс жасайтын білім берудің мемлекеттік ұйымдарының педагогикалық қызметкерлеріне, денсаулық сақтау мемлекеттік ұйымдарының медициналық және фармацевт жұмысшыларына, әлеуметтік қамту мемлекеттік ұйымдарының жұмысшыларына, мәдениет және спорт мемлекеттік ұйымдарының жұмысшыларына 25 пайыз көтеріңкі жалақы (тарифтік мөлшерлемелер) белгіленсін.

4-1. 2008 жылға арналған қалалық бюджетте республикалық бюджеттен қалалық бюджетке қазақстан Республикасындағы білім дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыруға 102 420 мың теңге сомасындағы нысаналы ағымдағы трансферттер қаралғаны ескерілсін, оның ішінде:

мемлекеттік бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім мекемелерінде лингафондық және мультимедиялық кабинеттер жасауға - 5 541 мың теңге;

мемлекеттік бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жүйесінде интерактивті оқыту жүйесін енгізуге - 96 879 мың теңге.

4-2. 2008 жылға арналған қалалық бюджетте күнкөріс минимумы деңгейінің өсуіне байланысты әлеуметтік аядағы шараларды іске асыруға республикалық бюджеттен нысаналы ағымдағы трансферттер қаралғаны ескерілсін:

мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек төлеуге - 10 000 мың теңге

18 жасқа дейінгі балаларға ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақылар төлеуге - 13 500 мың теңге.

4-3. 2008 жылға арналған қалалық бюджетте республикалық бюджеттен 2008-2010 жылдарға арналған тұрғын үй құрылысының мемлекеттік бағдарламасын іске асыру шеңберінде нөлдік сыйақы (мүдде) мөлшерлемесі бойынша 999 000 мың теңге көлемінде нысаналы трансферттер және бюджеттік несиелер қаралғаны ескерілсін, оның ішінде:

мемлекеттік коммуналдық тұрғын-үй қорынан тұрғын-үй салуға - 215 000 мың теңге;

100 мектеп және 100 аурухана жобасы аясында білім беру және денсаулық сақтау қызметкерлеріне тұрғын-үй салуға және оны сатып алуға қала бюджетін несиелендіруге - 200 000 мың теңге;

инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамыту және абаттандыруға - 584 000 мың теңге.

4-4. 2008 жылға арналған қалалық бюджетте республикалық бюджеттен электрондық үкімет шеңберінде адами капиталды дамытуға және мемлекеттік қызметшілерді компьютерлік біліктілікке оқытуға 4 006 мың теңге көлемінде нысаналы трансферттер қаралғаны ескерілсін, оның ішінде.

электрондық үкімет шеңберінде адами капиталды дамытуға - 463 мың теңге;
мемлекеттік қызметшілерді компьютерлік біліктілікке оқытуға - 3 543 мың теңге.

4-5. 2008 жылға арналған қалалық бюджетте облыстық бюджет қаражаты есебінен " Мектеп ауласы" жобасының 1 кезеңін іске асыруға 320 000 мың теңге көлемінде нысаналы трансферттер қаралғаны ескерілсін.

2008 жылға арналған қалалық бюджетте Қазақстан Республикасының мемлекеттік жоғарғы оқу орындарындағы оқитындарға әлеуметтік көмек төлеуге облыстық бюджет қаражаты есебінен 4 618 мың теңге көлемінде нысаналы трансферттер қаралғаны ескерілсін.

Ескерту: 4-5 тармаққа толықтырулар енгізілді - Ақтау қалалық мәслихатының 2008.11.11 N 14/133 (2008 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі) Шешімімен.

4-6. 2008 жылға арналған қалалық бюджетте қазақстан Республикасында 2005-2007 жылдарға арналған тұрғын-үй құрылысын дамытудың Мемлекеттік бағдарламасын іске асыру аясында сыйақының (мүдденің) "нөлдік" ставкасы арқылы тұрғын-үй құрылысына бұрын алынған қарыз бойынша тұрғындарға пәтер сатудан 300 мың теңге көлемінде түсімдер қаралғаны ескерілсін.

Қайтқан қаражат мыналарға:

50 000 мың теңге - қалалық бюджеттен облыстық бюджетке қарызын өтеуге;

250 000 мың теңге - 2008-2010 жылдарға арналған тұрғын-үй Мемлекеттік бағдарламасын іске асыру аясында сыйақының (мүдденің) "нөлдік" ставкасы арқылы тұрғын-үй салуға бағытталады.

4-7. Қала әкімдігімен анықталатын тәртіпке сәйкес, жоғарғы және орта кәсіптік оқу орындарының күндізгі оқу бөлімдерінде оқитын студенттерге қоғамдық көлікте (таксиден басқа) жеңілдікпен жүру құқығы берілсін.

Ескерту: 4-тармаққа өзгерту енгізілді - Ақтау қалалық мәслихатының 2008.02.18 N 6/49; 2008.05.22 N 9/88; 2008.07.16 N 10/99 Шешімдерімен.

5. Қала әкімдігінің резерві 604 мың теңге көлемінде бекітілсін.

Ескерту: 5-тармаққа өзгерту енгізілді - Ақтау қалалық мәслихатының 2008.02.18 N 6/49; 2008.05.22 N 9/88; 2008.10.15 N 13/125; 2008.11.11 N 14/133 (2008 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі) Шешімдерімен.

6. 2-қосымшаға сәйкес бюджеттік инвестициялық жобаларды (бағдарламаларды) іске асыруға бағытталған қалалық бюджеттің 2008 жылға арналған бюджеттік даму бағдарламаларының тізбесі бекітілсін.

7. 3-қосымшаға сәйкес 2008 жылы қалалық бюджеттің орындалу барысында секвесторға жатпайтын бюджеттік бағдарламалардың тізбесі бекітілсін.

8. 4-қосымшаға сәйкес Өмірзақ селосы бойынша 2008 жылға арналған бюджеттік бағдарламалар тізбесі бекітілсін.

9. Осы шешім 2008 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы
Қ. Арғынов Ж. Матаев

Қалалық мәслихаттың хатшысы

К Е Л І С І Л Д І :
Экономика және бюджеттік жоспарлау
бөлімінің бастығы
----- А.Н.Ким

13 желтоқсан 2007 жыл

Қалалық мәслихаттың
2008 жылғы 11 қарашадағы

N 14/133 шешіміне 1-қосымша

2008 жылға арналған қалалық бюджет

Ескерту: 1-қосымша жаңа редакцияда - Ақтау қалалық мәслихатының 2008.11.11 N 14/133 (2008 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Шешімімен.

Санаты				Сомасы, мың теңге
	Сыныбы			
		Ішкі сыныбы		
			Атауы	
			1. КІРІСТЕР	10 545 360
1			Салықтық түсімдер	8 189 785
	01		Табыс салығы	3 310 385
		2	Жеке табыс салығы	3 310 385
	03		Әлеуметтік салық	1 938 388
		1	Әлеуметтік салық	1 938 388
	04		Меншікке салынатын салықтар	2 358 590
		1	Мүлікке салынатын салықтар	1 792 968
		3	Жер салығы	235 219
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	330 403
	05		Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	376 966
		2	Акциздер	52 897
		3	Табиғи және басқа ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	212 994
		4	Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	111 075
	07		Басқа да салықтар	308
		1	Басқа да салықтар	308

	08		Зандық мәнді іс-әрекеттерді жасағаны үшін және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер	205 148
		1	Мемлекеттік баж	205 148
2			Салықтық емес түсімдер	133 080
	01		Мемлекет меншігінен түсетін түсімдер	24 232
		1	Мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісі бөлігіндегі түсімдер	12 010
		5	Мемлекеттік меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	12 222
	02		Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, қызметтер көрсетуді) өткізуінен түсетін түсімдер	834
		1	Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, қызметтер көрсетуді) өткізуінен түсетін түсімдер	834
	03		Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алуды өткізуден түсетін ақша түсімдері	14
		1	Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алуды өткізуден түсетін ақша түсімдері	14
	04		Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	97 413
		1	Мұнай секторы кәсіпорындарының түсетін түсімдерді қоспағанда, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	97 413
	06		Басқа да салықтық емес түсімдер	10 587
		1	Басқа да салықтық емес түсімдер	10 587
3			Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	978 951
	01		Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	133 700
		1	Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	133 700
	03		Жерді және материалдық емес активтерді сату	845 251
		1	Жерді сату	777 971
		2	Материалдық емес активтерді сату	67 280

4			Трансферттердің түсімдері	1 243 544
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	1 243 544
		2	Облыстық бюджеттен түсетін трансферттер	1 243 544
Функционалдық топ				Сомасы, мың теңге
	Бюджеттік бағдарлама әкімшілігі			
		Бағдарлама		
			Атауы	
			2. ШЫҒЫНДАР	10 761 305
1			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер көрсету	158 984
	112		Қалалық мәслихаттың аппараты	9 656
		001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының қызметін қамтамасыз ету	9 656
	122		Қала әкімінің аппараты	97 561
		001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің қызметін қамтамасыз ету	93 555
		008	Мемлекеттік қызметшілерді компьютерлік сауаттылыққа оқыту	3 543
		116	Электрондық үкімет шеңберінде адами капитал дамыту	463
	123		Өмірзақ селосы әкімінің аппараты	10 081
		001	Қаладағы ауданның, аудандық маңызы бар қаланың, кенттің, ауылдың (селоның), ауылдық (селолық) округтің әкімі аппаратының қызметін қамтамасыз ету	10 081
	452		Қаржы бөлімі	29 161
		001	Қаржы бөлімінің қызметін қамтамасыз ету	17 224
		003	Салық салу мақсатында мүлікті бағалауды жүргізу	1 000
		004	Біржолғы талондарды беру жөніндегі жұмысты және біржолғы талондарды іске асырудан сомаларды жинаудың толықтығын қамтамасыз етуді ұйымдастыру	10 037
		011	Коммуналдық меншікке түскен мүлікті есепке алу, сақтау, бағалау және сату	900
	453		Экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі	12 525
		001	Экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімінің қызметін қамтамасыз ету	12 525
2			Қорғаныс	8 678
	122		Қала әкімінің аппараты	8 678

		005	Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару	8 678
3			Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқық, сот, қылмыстық-атқару қызметі	73 444
	458		Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	73 444
		021	Елді мекендерде жол жүру қозғалысын реттеу бойынша жабдықтар мен құралдарды пайдалану	73 444
4			Білім беру	4 919 836
	464		Білім беру бөлімі	4 645 271
		001	Білім беру бөлімінің қызметін қамтамасыз ету	16 216
		002	Ақпараттық жүйелер құру	860
		003	Жалпы білім беру	3 067 103
		004	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік білім беру мекемелерінде білім беру жүйесін ақпараттандыру	4 500
		005	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік білім беру мекемелер үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізу	25 146
		006	Балалар үшін қосымша білім беру	139 115
		007	Аудандық (қалалық) ауқымдағы мектеп олимпиадаларды, мектептен тыс іс-шараларды және конкурстарды өткізу	10 885
		009	Мектепке дейінгі тәрбие ұйымдарының қызметін қамтамасыз ету	1 276 467
		010	Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жүйесіне интерактивтік оқыту жүйесін енгізу	104 979
	467		Құрылыс бөлімі	274 565
		002	Білім беру объектілерін дамыту	274 565
6			Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	357 403
	123		Өмірзақ селосы әкімінің аппараты	311
		003	Мұқтаж азаматтарға үйінде әлеуметтік көмек көрсету	311
	451		Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	347 192
		001	Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің қызметін қамтамасыз ету	38 602
		002	Еңбекпен қамту бағдарламасы	27 391
		005	Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек	18 100
		006	Тұрғын үй көмегі	6 232

		007	Жергілікті өкілетті органдардың шешімі бойынша азаматтардың жекелеген топтарына әлеуметтік көмек	167 890
		010	Үйден тәрбиеленіп оқытылатын мүгедек балаларды материалдық қамтамасыз ету	2 720
		011	Жәрдемақыларды және басқа да әлеуметтік төлемдерді есептеу, төлеу мен жеткізу бойынша қызметтерге ақы төлеу	1 161
		012	Ақпараттық жүйелер құру	2 032
		013	Белгіленген тұрғылықты жері жоқ тұлғаларды әлеуметтік бейімдеу	30 308
		014	Мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсету	38 932
		016	18 жасқа дейінгі балаларға мемлекеттік жәрдемақылар	6 591
		017	Мүгедектерді оңалту жеке бағдарламасына сәйкес, мұқтаж мүгедектерді міндетті гигиеналық құралдармен қамтамасыз е т у г е , және ымдау тілі мамандарының, жеке көмекшілердің қызмет көрсету	7 233
	464		Білім беру бөлімі	9 900
		008	Білім беру ұйымдарының күндізгі оқу нысанының оқушылары мен тәрбиеленушілерін әлеуметтік қолдау	9 900
7			Тұрғын үй -коммуналдық шаруашылық	3 378 359
	123		Өмірзақ селосы әкімінің аппараты	14 903
		008	Елді мекендерде көшелерді жарықтандыру	2 181
		009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	5 347
		011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	5 375
		014	Елді мекендерді сумен жабдықтауды ұйымдастыру	2 000
	467		Құрылыс бөлімі	2 116 698
		003	Тұрғын үй салу	697 561
		004	Инженерлік коммуникациялық инфрақұрылымды дамыту және жайластыру	724 054
		005	Коммуналдық шаруашылық объектілерін дамыту	122 463
		006	Сумен жабдықтау жүйесін дамыту	571 125
		007	Көркейту объектілерін дамыту	1 495
	458		Тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	1 246 758
		003	Мемлекеттік тұрғын үй қорының сақталуын ұйымдастыру	340
		012	Сумен жабдықтау және су бөлу жүйесінің қызмет етуі	39 829

		015	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	113 160
		016	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	274 751
		017	Жерлеу орындарын күтіп ұстау және туысы жоқтарды жерлеу	9 019
		018	Елді мекендерді абаттандыру және көгалдандыру	809 659
8			Мәдениет, спорт, туризм және акпараттық кеңістік	290 212
	455		Мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	266 325
		001	Мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің қызметін қамтамасыз ету	5 012
		003	Мәдени-демалыс жұмысын қолдау	220 978
		006	Аудандық (қалалық) кітапханалардың жұмыс істеуі	40 335
	456		Ішкі саясат бөлімі	11 788
		001	Ішкі саясат бөлімінің қызметін қамтамасыз ету	11 788
	465		Дене шынықтыру және спорт бөлімі	12 099
		001	Дене шынықтыру және спорт бөлімінің қызметін қамтамасыз ету	4 312
		006	Аудандық (облыс маңызы бар қалалық) деңгейде спорттық жарыстар өткізу	4 539
		007	Әртүрлері спорт түрлері бойынша аудан (облыстық маңызы бар қала) құрама командаларының мүшелерін дайындау және олардың облыстық спорт жарыстарына қатысуы	3 248
9			Отын-энергетика кешені және жер қойнауын пайдалану	815 099
	467		Құрылыс бөлімі	815 099
		009	Жылу-энергетикалық жүйені дамыту	815 099
10			Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	19 753
	462		Ауыл шаруашылық бөлімі	3 037
		001	Ауыл шаруашылығы бөлімінің қызметін қамтамасыз ету	3 037
	463		Жер қатынастар бөлімі	16 716
		001	Жер қатынастары бөлімінің қызметін қамтамасыз ету	10 171
		004	Жерді аймақтарға бөлу жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру	5 831

		006	Аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың (селолардың), ауылдық (селолық) округтердің шекарасын белгілеу кезінде жүргізілетін жерге орналастыру	714
11			Өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі	69 759
	467		Құрылыс бөлімі	12 472
		001	Құрылыс бөлімінің қызметін қамтамасыз ету	12 472
	468		Сәулет және қала құрылысы бөлімі	57 287
		001	Қала құрылысы және сәулет бөлімінің қызметін қамтамасыз ету	12 287
		003	Аудан аумағы қала құрылысын дамытудың кешенді схемаларын, аудандық (облыстық) маңызы бар қалалардың, кенттердің және өзге де ауылдық елді мекендердің бас жоспарларын әзірлеу	45 000
12			Көлік және коммуникация	510 052
	458		Тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	510 052
		022	Көлік инфрақұрылымын дамыту	207 648
		023	Автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	302 404
13			Басқалар	158 587
	453		Экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі	29 700
		003	Жергілікті бюджеттік инвестициялық жобалардың (бағдарламалардың) техникалық-экономикалық негіздемелерін әзірлеу және оған сараптама жүргізу	29 700
	469		Кәсіпкерлік бөлімі	110 746
		001	Кәсіпкерлік бөлімі қызметін қамтамасыз ету	4 908
		003	Кәсіпкерлік қызметті қолдау	105 838
	452		Қаржы бөлімі	604
		012	Шұғыл шығындарға арналған ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының резерві	604
	458		Тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	17 537
		001	Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің қызметін қамтамасыз ету	17 537
15			Трансферттер	1 139
	452		Қаржы бөлімі	1 139

2008 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ӨМІРЗАҚ СЕЛОСЫ БОЙЫНША БЮДЖЕТТІК БАҒДАРЛАМА ТІЗБЕСІ

Ескерту: 4 қосымша жаңа редакцияда - Ақтау қалалық мәслихатының 2008.05.22 N 9/88 (2008 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі) Шешімімен.

Функционалдық топ	Бюджеттік бағдарлама әкімшілігі	Бағдарлама	Атауы
1			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер
	123		Өмірзақ селосы әкімінің аппараты
		001	Қаладағы ауданның, аудандық маңызы бар қаланың, кенттің, ауылдың (селоның), ауылдық (селолық) округтің әкімі аппаратының қызметін қамтамасыз ету
6			Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру
	123		Өмірзақ селосы әкімінің аппараты
		003	Мұқтаж азаматтарға үйінде әлеуметтік көмек көрсету
7			Тұрғын үй - коммуналдық шаруашылық
	123		Өмірзақ селосы әкімінің аппараты
		008	Елді мекендерде көшелерді жарықтандыру
		009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету
		011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру
		014	Елді мекендерді сумен жабдықтауды ұйымдастыру